

Тіркеу № 126
«12» қазан 2017 жыл

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2017 ж. «11» қазандағы №5 хаттамасымен
бекітілді

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ереже

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар (күні, нөмірі):

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Күні	№
1.	Хаттама	«16» қыркүйек 2022ж.	№ 9
2.	Хаттама	«29» наурыз 2023ж.	№ 4
3.	Хаттама	«30» желтоқсан 2024 ж.	№22
4.		«__» _____ 20_ж.	№ ____

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 20_ж. «__» _____ №____
хаттамасымен/шешімімен күші жойылды деп танылды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-тармақ «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

1-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.

1. Осы «БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына (бұдан әрі – АҚ туралы заң), «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді.

2-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді.

2. Ереже «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) қызметін реттейді және Басқарманың мәртебесін, құрамын, қалыптасу тәртібін, қызметі мен құзыретін, Басқарма мүшелерінің өкілеттіктері мен жауапкершілігін, Басқарма отырыстарын шақыру, өткізу, олардың шешім қабылдау және ресімдеу тәртібін анықтайды.

3-тармақ «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

3. Басқарма өз қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларын, Жарғыны, «БЖЗҚ» АҚ ішкі нормативтік құжаттарын, «БЖЗҚ» АҚ Жалғыз акционерінің (бұдан әрі – Акционер) және «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) шешімдерін, осы Ережені, сондай-ақ әділдік, кәсіпқойлық, шынайылық, жауапкершілік, ашықтық, біліктілік, адалдық, парасаттылық және байқампаздық қағидастарын басшылыққа алады.

4-тармақ «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

4-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді.

4. Басқарма Акционердің және міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) мүддесіне орай әрекет етеді, өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді, Қордың күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және даму жоспары мен (немесе) даму стратегиясын және Акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді іске асыру үшін, сондай-ақ Қордың операциялық (ағымдағы) қызметі үшін, оның ішінде қойылған міндеттерді орындау және Қор қызметі тиімділігінің белгіленген негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жауапты.

5. Басқарма «БЖЗҚ» АҚ ағымдағы қызметіне басшылық ететін алқалы атқарушы органы болып табылады.

6. Басқарма хаттамалары танысу үшін Басқарма, Директорлар кеңесі мүшелеріне, сыртқы аудиторға олардың талабы бойынша берілуі тиіс.

«БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес 6-1 тармақпен толықтырылды.

6-1. Ереже қосымшаларының тізбесі:

- 1) 1-қосымша – Күн тәртібіндегі мәселе бойынша түсіндірме жазба;
- 2) 2-қосымша – Шешім жобасы;
- 3) 3-қосымша – «БЖЗҚ» АҚ Басқарма отырысының хаттамасы;
- 4) 4-қосымша – «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының сырттай дауыс беру хаттамасы;
- 5) 5-қосымша – «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасының/мүшесінің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетень.

2-тарау. Басқарманың құзыреті

7. Басқарманың құзыреті Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Жарғымен анықталады.

3-тарау. Басқарма құрамы, Басқарма төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін тоқтату тәртібі

8. Басқарма құрамы кемінде 3 (үш) адамнан тұратын мүшелерден құралады, оның ішінде: Басқарма төрағасы, төрағаның орынбасары(-лары) және Басқарманың басқа мүшелері.

9. Басқарманы оның жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіретін Басқарма төрағасы басқарады.

10. Басқарма мүшелері Басқарма төрағасы бекіткен міндеттерді бөлу туралы бұйрыққа (бұдан әрі - Бұйрық) сәйкес жұмыс бағытын басқарады.

11. Басқарма мүшелері өз құзіреті шегінде Бұйрық, сондай-ақ сенімхат негізінде «БЖЗҚ» АҚ атынан әрекет етеді. Басқарма төрағасы болмаған кезде, оның міндеттерін Бұйрыққа сәйкес Қор Басқармасы мүшелерінің біреуі атқарады.

12-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.

12. Басқарма төрағасы мен оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімін анықтау, сонымен қатар олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасы заңнамасына және Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

Қоғамның төрағасы мен Басқарма мүшесі үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі Басқарманың өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.

13-тармақ «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

13-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді.

13. Басқарма құрамына кандидаттар бойынша ұсыныстарды Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің қарауына енгізеді. Басқарма Төрағасы Басқарма құрамына бір бос лауазымға екінші рет ұсынған кандидатты Директорлар кеңесі қабылдамаған жағдайда, осы бос лауазымға кандидат бойынша ұсыныс енгізу құқығы Директорлар кеңесіне ауысады.

Директорлар кеңесінің шешімінде Басқарма Төрағасын немесе мүшесін сайлау күні көрсетілмесе, Басқарма Төрағасын немесе мүшесін сайлау Директорлар кеңесі шешім қабылдаған сәттен бастап өтті деп есептеледі.

14-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес өзгеріс пен толықтыру енгізілді.

14. Басқарма төрағасы мен оның мүшелерінің өкілеттігі төмендегі жағдайларда:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) Басқарма төрағасы мен мүшесі лауазымдарына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алған жағдайда;

1-1) Басқарма Төрағасы немесе мүшесі лауазымына кандидатты сайлаудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін бұзу;

2) Басқарма мүшесі болып табылатын қызметкермен еңбек шарты бұзылған жағдайда, оның ықтияры бойынша Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тоқтатылады.

15-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.

15-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.

15. Басқарма Төрағасының және мүшесінің өкілеттігін Директорлар кеңесі мерзімінен бұрын кез келген сәтте тоқтата алады. Бұл ретте қызметкердің Басқарма мүшесі ретінде өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату оның «БЖЗҚ» АҚ-мен басқа еңбек құқықтық қатынастарын тоқтатпайды.

16-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес өзгеріс пен толықтыру енгізілді.

16. Басқарма мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Директорлар кеңесінің шешім қабылдауы үшін негіздемелерге төмендегі жағдайлар жатады:

1) Басқарма мүшесінің әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен «БЖЗҚ» АҚ-ға елеулі шығын әкелу;

2) «БЖЗҚ» АҚ-ның іскерлік беделіне зиян келтіру;

3) қасақана қылмыстық іс жасау;

4) «БЖЗҚ» АҚ қатысуымен мәміле жасағанда өз мүдделілігін жасырып қалу;

5) өз міндеттерін адал орындамау;

6) Жарғы ережелерін, сондай-ақ еңбек заңнамасы мен АҚ туралы заң нормаларын бұзу;

7) Директорлар кеңесінің келісімінсіз басқа ұйымның басқару органының жұмысына өзінің қатысқандығы жөніндегі ақпаратты жасыру;

8) «БЖЗҚ» АҚ мүлкін басқарудан жеке пайда алу;

9) **сыбайлас жемқорлықтың құқықбұзушылықтарын жасау.**

Басқарма мүшелерінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасында көзделген негіздемелер бойынша **тоқтатылады.**

17. «БЖЗҚ» АҚ атынан Басқарма төрағасымен жасалған еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды. Басқарманың мүшелерімен жасалған еңбек шартына Басқарманың төрағасы қол қояды.

4-тарау. Басқарма төрағасы мен оның мүшелеріне қойылатын талаптар

18. «БЖЗҚ» АҚ акционері болып табылмайтын қызметкерлер Басқарма мүшелері бола алады.

19-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

19-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 16.09.2022 жылғы (№9 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

19. Басқарма Төрағасы немесе мүшесі лауазымына:

1) жоғары білім жоқ;

2) Ереженің 20-тармағында белгіленген:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында;

және (немесе) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарында реттеу, бақылау және қадағалау аясында;

және (немесе) қаржы қызметтерін көрсету аясында;

және (немесе) экономика және қаржы шеңберінде реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарда;

және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша қызметтерді реттеу аясында;

және (немесе) қаржы ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу аясында;

және (немесе) қызметін осы тармақшада есептелгендер аясында жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаларда еңбек өтілі жоқ;

3) мінсіз іскерлік беделге ие емес;

4) басқарушы қызметкер лауазымына тағайындауға келісімі қайтарылған және (немесе) қызметтік міндеттерін аталған және (немесе) басқа қаржы ұйымында, банктік,

сақтандыру холдингінде, Қазақстан Республикасының бейрезиденті - банк филиалында, Қазақстан Республикасының бейрезиденті - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, Қазақстан Республикасының бейрезиденті - сақтандыру брокерінде орындаудан шеттетілген;

Көрсетілген талап уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді кері қайтарып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы он екі ай ішінде қолданылады;

4-1) оған қатысты сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін соттың күшіне енген айыптау үкімі бар немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін оны Басқарма Төрағасы немесе мүшесі лауазымына келісу туралы қолдау хат берілген күнге дейін үш жыл ішінде әкімшілік жазаға тартылған тұлға ие бола алмайды (тағайындала немесе сайлана алмайды).

"БЖЗҚ" АҚ Басқарма Төрағасын немесе мүшелерін тағайындау (сайлау) кезінде олардың осы тармақтың талаптарына сәйкестігін, оның ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылатын ақпаратты ескере отырып, дербес тексереді.

Басқарма төрағасы немесе мүшелеріне және Басқарма төрағасы немесе мүшелері лауазымдарына кандидаттарға қатысты мінсіз іскерлік беделдің болуы не болмауы тұрғысынан іскерлік беделді бағалауды уәкілетті орган, оның ішінде дәлелді пайымдауды пайдалана отырып жүзеге асырады.

20-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

20-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 16.09.2022 жылғы (№9 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

20. Ереженің 19-тармағының бірінші бөлігінің 2)-тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес келуі үшін лауазымға үміткерлер үшін еңбек өтілінің болуы қажет:

1) Басқарма төрағасының лауазамына – кемінде бес жыл, оның ішінде басқарушы лауазымда кемінде үш жыл;

2) Басқарма мүшесі лауазымына – кемінде үш жыл, оның ішінде басқарушы лауазымда кемінде екі жыл.

Тек қауіпсіздік мәселелеріне, әкімшілік-шаруашылық мәселелеріне, ақпараттық технологиялар мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінің лауазымдарына кандидаттар үшін осы Ереженің 19-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген еңбек өтілінің болуы талап етілмейді.

Осы тармақта айқындалған еңбек өтіліне оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әкімшілік-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға, ақпараттық технологияларды дамытуға байланысты қаржы ұйымының бөлімшелеріндегі жұмыс (ақпараттық технологияларды дамыту және (немесе) ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесінің басшысын қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамындағы және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдағы жұмыс кірмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің мақсаттары үшін басшы лауазым деп басқару органы басшысының және мүшелерінің, атқарушы орган басшысының және мүшелерінің, дербес құрылымдық бөлімше басшысының, басшысының орынбасарының, сондай-ақ Ереженің 19-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген салаларда қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың оқшауланған бөлімшесінің лауазымдары түсініледі.

21. Басқарма Төрағасы және мүшесі лауазымына кандидаттар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

22-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

22-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 16.09.2022 жылғы (№9 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

22. Басқарма Төрағасы немесе мүшесі лауазымына тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімін алуды Қызметкерлерді басқару департаменті жүзеге асырады.

Қызметкерлерді басқару департаменті уәкілетті органға растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып:

1) "БЖЗҚ" АҚ Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды тағайындауды (сайлауды), басқа лауазымға ауыстыруды, еңбек шартын бұзуды және (немесе) өкілеттіктерін тоқтатуды қоса алғанда, Басқарма құрамында болған барлық өзгерістер туралы;

2) Басқарма төрағасын немесе мүшесін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы, сондай-ақ осы ақпарат "БЖЗҚ" АҚ-ға белгілі болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ~~растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып~~, Төрағаның немесе Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгергені туралы;

3) осы ақпарат "БЖЗҚ" АҚ-ға белгілі болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Басқарма төрағасын немесе мүшесін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы хабарлайды.

23-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 16.09.2022 жылғы (№9 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

23. Басқарма Төрағасы немесе мүшесі лауазымына кандидаттың уәкілетті органның келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Уәкілетті орган Басқарманың төрағасын немесе мүшесін тағайындауға (сайлауға) келісім беру үшін ұсынылған құжаттарды уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес құжаттардың толық топтамасы ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қарайды.

Басқарма төрағасы немесе мүшесі міндеттерін Басқарма төрағасы міндеттерін Басқарма мүшесіне күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімге жүктеген жағдайларды қоспағанда, Басқарма төрағасы немесе мүшесі лауазымына тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімі жоқ тұлға орындауға (уақытша жоқ адамды алмастыру) тыйым салынады.

24-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 16.09.2022 жылғы (№9 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

24. Мінсіз іскерлік беделінің болмау белгілерін, келісімді алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, Басқарма Төрағасын немесе мүшесін тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімін беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

5-тарау. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

25. Басқарма төрағасы «БЖЗҚ» АҚ атынан әрекет етеді және қызметі мен міндеттерін Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

26. Басқарма төрағасының Басқарма қарауына оның құзіретіне жататын кез келген мәселені шығаруға құқығы бар.

27. Басқарма төрағасы мен оның мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыру мен міндеттерін орындау кезінде өзіне жүктелген міндеттерін адал орындауы және «БЖЗҚ» АҚ мен Акционердің мүддесін барынша көрсететін тәсілдерді қолдануы қажет.

28. Басқарма мүшелері:

1) Басқарма құрамында әрекет ете отырып, «БЖЗҚ» АҚ ағымдағы қызметіне басшылық ету мәселелерін шешуге;

2) Басқарма жұмысының жоспарын, Басқарма отырысының күн тәртібін дайындау бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;

3) анықтама беруге, мәлімдеме жасауға, Басқарма отырысы күн тәртібіндегі мәселе бойынша ұсыныс енгізуге;

4) Басқарма отырысын шақыруды талап етуге;

5) Басқарма шешімдерімен келіспейтінін жазбаша көрсетуге және оны Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге;

6) басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Жарғымен және еңбек шартымен көзделген өзге құқықтарын жүзеге асыруға құқылы.

29-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 16.09.2022 жылғы (№9 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды, «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.

29. Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының не атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға не қызметінің мәні қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлға филиалының басшысы лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің мақұлдауымен қызмет атқара алады.

30-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.

30. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің міндеттері:

1) Басқарма отырыстарына қатысу;

2) Акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімдері мен тапсырмаларын орындау, «БЖЗҚ» АҚ Жарғысы мен ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау;

3) тәуелсіз аудит жүргізумен қоса, бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз ету;

4) «БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерін басқару жүйесін жетілдіру мен тиімді қызмет жасауын қамтамасыз ету және бақылауды жүзеге асыру;

5) Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық жасау жолымен немесе басқа қолжетімді тәсілдермен «БЖЗҚ» АҚ қызметін оңтайландыруға, залалдың алдын алу үшін қажетті шаралар қабылдау;

6) Директорлар кеңесі мүшелерінің назарына мүдделердің кез келген тікелей немесе жанама ықтимал қақтығыстары туралы ақпаратты жеткізу;

7) Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын білу;

8) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қордың ішкі нормативтік құжаттарын сақтау;

9) өз құзыреті шегінде бағынышты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыру.

31. Басқарма төрағасы мен оның мүшелері «БЖЗҚ» АҚ мүліктерін Жарғыға, Акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келетіндей пайдалануға, сонымен қатар мәміле жасау кезінде жеке мақсатта және өзінің лауазымдық жағдайын асыра пайдалануға жол бермеуі қажет.

Ереже «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес 31-1-тармағымен толықтырылды.

31-1. Басқарма төрағасы мен мүшелері мүдделер қақтығысына байланысты жағдайлардың туындауына жол бермейді. Мүдделер қақтығысы туындаған кезде олар ықтимал және туындаған мүдделер қақтығысын басқару мәселелерін реттейтін Қордың ішкі нормативтік құжатында көзделген тәртіпте алдын ала ол туралы Директорлар кеңесі мен Басқарма төрағасын хабардар етеді, оны жазбаша тіркеуі және мәселе бойынша шешімді қабылдауға қатыспауы керек.

32. Басқарма төрағасы мен мүшелері Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес «БЖЗҚ» АҚ қызметі туралы ақпаратты ашуды және ұсынуды бақылайды, оларға мәлім кез келген «БЖЗҚ» АҚ туралы құпия мәліметтерді жарияламауға міндетті. Құпиялылықты сақтау міндеті Басқарма мүшесінің қызметтік міндеттерін орындау мерзімі өткеннен кейін 5 (бес) жыл ішінде күшін сақтап қалады.

33. Басқарма мүшелері Басқарма төрағасына өздері жетекшілік ететін мәселелер аясындағы істердің жай-күйі туралы хабарлайды.

6-тарау. Басқарма хатшысы

34. Басқарма отырысын/Басқарманың сырттай дауыс беруін дайындау бойынша барлық тәжірибелік жұмыстарды Басқарма төрағасының бұйрығымен тағайындалған Басқарма хатшысы жүзеге асырады. Басқарма хатшысы уақытша болмаған жағдайда (демалыс, іссапар, уақытша еңбекке жарамсыздық және т.б.) оның міндеттерін Басқарма төрағасының бұйрығына сәйкес «БЖЗҚ» АҚ басқа қызметкері уақытша атқарады.

35-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

35. Басқарма хатшысы келесі қызметтерді атқарады:

1) күн тәртібі жобасын дайындайды және оның мазмұны туралы Басқарма мүшелерін уақытында хабарландырады;

2) Басқарманың жүзбе-жүз отырысына дайындықты, Басқарма мүшелеріне хабарлауды және оларға Басқарманың жүзбе-жүз отырысына/сырттай дауыс беруіне қатысты материалдардың алдын ала жіберілуін қамтамасыз етеді;

3) отырыстардың/сырттай дауыс берудің хаттамаларын ресімдейді, орындаушыларға Басқарманың хаттамасынан үзінділерді уақытында жеткізеді;

4) Басқарма мүшелерін, дәлелді себептерге байланысты отырыста болмағандарды/дауыс беруге қатыспағандарды Басқарманың жүзбе-жүз отырысы хаттамаларымен, сырттай дауыс беру шешімдерімен таныстырады;

5) Қор Басқармасының хаттамаларын электрондық тіркеу журналын жүргізеді;

6) жауапты бөлімшелердің Басқарма қабылдаған шешімдерді уақытында орындауын және тоқсан сайынғы есеп беру жолымен олардың орындалу барысы туралы Басқарма төрағасына уақытында хабарлауды бақылайды;

7) Басқарма төрағасы мен мүшелерінің тапсырмасы бойынша Басқарма хатшысының жұмысымен байланысты өзге де қызметтерді атқарады.

36. Басқарма хаттамаларын тіркеуді, оларды тиісті істерге салу және қағаздағы түпнұсқаларының сақталуын Басқарма хатшысы қамтамасыз етеді.

«БЖЗҚ» АҚ құрылымдық бөлімшелеріне Басқарма хаттамаларының көшірмелерін жасауға тыйым салынады. Басқарма хатшысы Басқарма хатшысының қолымен расталған Басқарма хаттамасынан үзінді көшірмені береді.

7-тарау. Басқарманың шешімдерді қабылдау тәртібі

37-тармақ «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

37. Басқарма шешімді отырыста (жүзбе-жүз нысан) немесе сырттай дауыс беру (сырттай нысан) жолымен қабылдайды.

Басқарма жүзбе-жүз отырыстар өткізеді және даму жоспарын және (немесе) даму стратегиясын, Акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін және операциялық қызметті іске асыру мәселелерін талқылайды. Басқарма отырысы тұрақты түрде өтеді.

Басқарма "БЖЗҚ" АҚ Басқармасының жұмысын ұйымдастыру регламентінде көзделген тәртіппен күнтізбелік жыл басталғанға дейінгі мәселелер тізбесімен алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастырады.

Басқарма мүшелері тиісті сападағы қарауға арналған материалдармен алдын ала қамтамасыз етіледі. Даму жоспары және (немесе) даму стратегиясы, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты мәселелерді қарау кезінде бірнеше отырыс өткізуге жол беріледі.

Әрбір мәселені қарау кезінде жеке талқылау шешім қабылдауға (қабылдамауға) байланысты тәуекелдерге және олардың «БЖЗҚ» АҚ тұрақты дамуына ықпал етуге арналады.

Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және Акционердің қарауына шығарылған барлық мәселелерді Басқарма алдын ала қарайды және мақұлдайды.

38-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді.

38. Басқарманың отырысы/сырттай дауыс беруі Басқарманың бекіткен жыл сайынғы жұмыс жоспары (бұдан әрі - Жоспар) негізінде жүргізіледі.

39. Жоспарда көзделмеген мәселелер Басқарманың кезекті/кезектен тыс отырыстарында немесе сырттай дауыс беру жолымен қаралады.

40. Отырыс пен сырттай дауыс беру бір күнде өткізілмейді.

41. Басқарманың отырысын өткізу үшін және олардың сырттай шешім қабылдауы үшін кворум Басқарма мүшелерінің жалпы санынан 50 және одан да көп пайызды құрайды.

42-тармақ «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

42. Құзырына қаралатын мәселе кіретін Басқарма мүшесі жоқ болған жағдайда, Басқарма отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселені қарау барлық қатысушы Басқарма мүшелерінің келісімімен келесі отырысқа қалдырылады.

43. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беру рұқсат етілмейді. Шешім жай ғана берілген дауыстардың көптігімен қабылданады, бұл ретте Басқарма мүшелерінің хаттамаға енгізе отырып, шешім қабылдауға (қабыл алмауға) қатысты ерекше пікір білдіруге құқығы бар.

44. Басқарма отырысында мәселелерді шешуде Басқарманың әрбір мүшесінде бір дауыстан болады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

§1. Басқарманың отырысы

45. Басқарманың отырысын Басқарма төрағасы, ол болмаған жағдайда – Басқарма төрағасының міндетін атқарушы тұлға жүргізеді.

46. Басқарма отырысында талқыланатын мәселелерді:

1) Басқарма төрағасы;

2) Басқарма мүшесі;

3) құрылымдық бөлімшенің басшысы;

4) ішкі аудит департаментінің басшысы (немесе оны алмастыратын адам) қоя алады.

47. Басқарма мүшесі талап етсе, Басқарма төрағасы Басқарма отырысын шақыруға міндетті.

Басқарма мүшелерінің талабы бойынша Басқарма өз отырысында күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді Басқарманың қатысып отырған барлық мүшесі келіскен жағдайда, қосымша қарауға құқылы.

48-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

48. Басқарманың қарауына шығарылған мәселелер бойынша Басқарма отырысына материалдарды әзірлеуді тиісті құрылымдық бөлімше мынадай тәртіпте жүзеге асырады:

1) мүдделі құрылымдық бөлімше Басқарма төрағасының немесе Басқарма төрағасының міндетін атқарушы тұлғаның атына жетекшілік ететін басшымен келісілген Басқарма отырысына мәселені бастамаға алуға қатысты қызметтік жазбаны отырыс өткізілетін күнге дейін ~~күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде~~ жібереді. Жоспарда көзделмеген мәселе, оны Басқарма төрағасы Басқарма отырысына шығаруды мақұлдаған жағдайда, Басқарманың кезекті/кезектен тыс отырысына шығарылады.

Қызметтік жазбаға осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Басқарма отырысына шығарылатын мәселе бойынша түсіндірме жазба, осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес Басқарма шешімінің жобасы және өзге де материалдар қоса беріледі. Басқарманың қарауына бірнеше мәселе шығарылған жағдайда, түсіндірме жазба және шешім жобасы әрбір мәселе бойынша жеке ресімделеді.

Қағаз жеткізгіштегі түсіндірме жазбаға мәселені қарауға бастамашы болған құрылымдық бөлімшенің басшысы, сондай-ақ Басқарма Төрағасы жетекшілік ететін бөлімшені қоспағанда, оның жетекшілік ететін басшысы бұрыштама қояды, бұл жағдайда түсіндірме жазбаға құрылымдық бөлімшенің басшысы ғана бұрыштама қояды;

1) мүдделі құрылымдық бөлімше Басқарманың отырысына мәселені шығаруға келісім алғаннан кейін **электрондық құжатайналымы жүйесі** арқылы қосымша бетпен осы тармақтың 1)- тармақшасында көрсетілген қызметтік жазбаны Басқарма мүшелері мен Басқарма хатшысына танысу үшін жібереді.

2) **Басқарма отырысына шығарылатын мәселе бойынша құрылымдық бөлімшелер дайындаған материалдардың түпнұсқалары мүдделі құрылымдық бөлімшелермен және жетекшілік ететін басшымен алдын ала келісілуі тиіс және Басқарма хатшысына түсіндірме жазбамен және шешім жобасымен бірге берілу тиіс. Қол қойылған материалдар Басқарма хатшысына Басқарма отырысына дейін беріледі.**

Басқарма хатшысы Басқарма төрағасына және Басқарма мүшелеріне берілетін күн тәртібін және Басқарма отырысы күн тәртібінің мәселесі бойынша барлық құжаттарды 2 (екі) жұмыс күннен кешіктірмей, айрықша жағдайларда Басқарма Төрағасының шешімі бойынша отырыс өткізу күніне дейін 1 (бір) жұмыс күнде бекітуді қамтамасыз етеді.

49-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

49. Басқарманың отырысында қабылдаған шешімдерін Басқарма хатшысы осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімдейді, оған отырыс **өткізілген күннен кейінгі күннен бастап** немесе сырттай дауыс беруді қорытындылағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Басқарма хатшысы мен отырысқа қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қол қоюы қажет және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әр мүшесінің күн тәртібіндегі әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс берудің қорытындылары болуы қажет.

§2. Басқарманың сырттай дауыс беруі

50-тармақ «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

50. Құрылымдық бөлімше басшысының жазбаша өтінішхаты бойынша осы бөлімшеге жетекшілік ететін басшының келісімімен Басқарма төрағасының немесе оны алмастыратын адамның пікірталассыз сипаттағы және талқылауды талап етпейтін мәселелер бойынша оң қарарының негізінде Басқарма сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылдауға құқылы. Бұл жағдайда Басқарма хатшысы осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сырттай дауыс беру хаттамасын ресімдейді, оның Басқарма отырысының хаттамасымен бірдей заңды күші бар. Бұл ретте отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін сырттай дауыс беру бюллетендері қолданылады.

Басқарманың кем дегенде бір мүшесінің мәселені сырттай отырыста қарауға қарсылығы болған жағдайда, мәселе осы тараудың 1-параграфында көзделген тәртіппен кезекті күндізгі отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

51. Сырттай дауыс беру хаттамасына дауыс берген Басқарма төрағасы мен мүшелері қол қоюға және әрбір мәселе бойынша Басқарма төрағасының және мүшелерінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелерді, олар бойынша дауыс беру қорытындыларын қамтуға тиіс.

52-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

52. Басқармаға қарауға берілген мәселелер бойынша Басқарманың сырттай дауыс беруіне материалдарды әзірлеуді тиісті құрылымдық бөлімшесі мынадай тәртіпте жүзеге асырады:

1) мүдделі құрылымдық бөлімше Басқарма төрағасының немесе Басқарма төрағасының міндетін атқарушы тұлғаның атына жетекшілік ететін басшымен келісілген басқарманың сырттай дауыс беру мәселесіне бастамашылық жасауға қатысты қызметтік жазба жібереді.

Қызметтік жазбаға осы Ереженің 1-қосымшасына сай нысандағы Басқарманың сырттай дауыс беруінде шығарылатын мәселе бойынша түсіндірме жазба, осы ереженің 2-қосымшасына сай нысан бойынша Басқарма шешімінің жобасы мен басқа да материалдар жоспарланған сырттай дауыс беру күні өткенге дейін ~~7 (жеті) күнтізбелік күн мерзімінде~~ қоса беріледі. Басқарманың қарауына бірнеше мәселе шығарылған жағдайда, түсіндірме жазба және шешім жобасы әрбір мәселе бойынша жеке ресімделеді.

Жоспарда көзделмеген мәселе, оны Басқарма Төрағасы Басқарманың сырттай дауыс беруге шығарылуын мақұлдаған жағдайда Басқарманың кезекті/кезектен тыс сырттай дауыс беруіне шығарылады.

Қағаз түріндегі түсіндірме жазбаға мәселені алға тартып отырған құрылымдық бөлімше басшысы, сонымен қатар оның жетекшілік ететін басшысы қол қояды, тек жетекшілік ететін басшысы Басқарма төрағасы болып табылатын бөлімшені қоспағанда, бұл жағдайда түсіндірме жазбаға құрылымдық бөлімшенің басшысы ғана қол қояды;

2) мүдделі құрылымдық бөлімше Басқарманың сырттай дауыс беруіне мәселені шығаруға келіскеннен кейін қосымша бетпен осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызметтік жазбаны Басқарма мүшелеріне және Басқарма хатшысына жібереді;

3) Басқарманың сырттай дауыс беруіне шығарылатын мәселе бойынша құрылымдық бөлімшелер дайындаған материалдардың түпнұсқалары мүдделі құрылымдық бөлімшелермен және жетекшілік ететін басшымен алдын ала келісілуі тиіс және Басқарма хатшысына түсіндірме жазбамен және шешім жобасымен бірге берілуі тиіс. Қол қойылған материалдар Басқарма хатшысына Басқарма отырысына дейін беріледі.

Басқарма хатшысы Басқарма төрағасына және Басқарма мүшелеріне берілетін күн тәртібін және Басқарма отырысы күн тәртібінің мәселесі бойынша барлық құжаттарды 2 (екі) жұмыс күннен кешіктірмей, айрықша жағдайларда Басқарма Төрағасының шешімі бойынша отырыс өткізу күніне дейін 1 (бір) жұмыс күнде бекітуді қамтамасыз етеді.

53. Дауыс беру бюллетендері Басқарма мүшелеріне қағаз тасымалдағышта беріледі. Басқарма мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру бюллетендері мен материалдарды уақытында беруге жауапкершілік Басқарма хатшысына жүктеледі.

54. Егер Басқарманың қарауына ішкі нормативтік құжатты бекіту (келісу, мақұлдау) туралы мәселе шығарылса, онда аталған құжат ішкі нормативтік құжаттар талаптары шеңберінде алдын ала келісілген болуы қажет және келісу парағының түпнұсқасымен Басқарма хатшысына берілуі қажет.

55. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінде белгіленген мерзімде алынған кворум болған жағдайда сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған болып есептеледі.

56-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді.

56. Сырттай дауыс беру бюллетені осы Ереженің 5-қосымшасына сай нысанда жасалады және төмендегілерді қамтиды:

- 1) «БЖЗҚ» АҚ толық атауы;
- 2) отырысты шақыру бастамашысы туралы мәлімет;
- 3) дауыс беруге шығарылған мәселелердің тұжырымдамасы және әрбір мәселе бойынша шешім;
- 4) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары «қолдағандар», «қарсы болғандар»;
- 5) Басқарма мүшелерінің ерекше пікірлері (бар болса);
- 6) сырттай дауыс беру бюллетеньдерін тапсырудың соңғы күні көрсетілуі қажет.

57. Сырттай дауыс беру хаттамасына қарастырылатын мәселелер мен олар бойынша қабылданған шешімдердің атауы кіреді.

58-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы (№22 хаттама) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

58. Сырттай дауыс беру хаттамасын Басқарма хатшысы сырттай дауыс беруді қорытындылаған күннен кейінгі күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде ресімдейді және қол қояды, одан кейін Басқарма төрағасы және сырттай дауыс беруге қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қол қояды.

8-тарау. Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу

59-тармаққа «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.

59. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің еңбекақысы Директорлар кеңесі бекіткен Басқарма төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру қағидасына сәйкес төленеді.

60. Директорлар кеңесінің шешімі/хаттамасы негізінде Басқарма төрағасы мен мүшелеріне қосымша сыйақы мен өтемақы белгіленуі мүмкін.

9-тарау. Директорлар кеңесімен өзара қарым-қатынас

61. Директорлар кеңесі мүшелерінің «БЖЗҚ» АҚ қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты сұратуы бойынша Басқарма төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға сұраныс түскен күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде сұратылған ақпаратты береді.

62. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі отырысын шақырудан бас тартқан отырысты шақыру бастамашысының талабы бойынша Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақырады.

63. Басқарма ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын жедел бақылайды және тоқсан сайынғы негізде «БЖЗҚ» АҚ қызметін жақсарту бойынша ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын бақылау нәтижелері туралы есепті беру жолымен Қордың Директорлар кеңесі алдында осындай бақылаудың нәтижелері туралы есеп береді. Көрсетілген есеп Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізіледі немесе Директорлар кеңесі мүшелеріне Басқарма төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылған және «БЖЗҚ» АҚ мөрі қойылған ілеспе хатпен жіберіледі.

10-тарау. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің жауапкершілігі

64. Басқарма төрағасы мен мүшелері олардың іс-әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен келтірілген зиян үшін «БЖЗҚ» АҚ және Акционердің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, Қордың шеккен залалы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілік береді.

Ереже «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес 64-1-тармағымен толықтырылды.

64-1. Басқарма төрағасы мен мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілік тартады.

65. Басқарма төрағасы және (немесе) оның мүшесі жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген жағдайда, «БЖЗҚ» АҚ Акционердің шешімі негізінде немесе Акционер өз атынан Басқарма төрағасына және (немесе) оның мүшесіне олардың «БЖЗҚ» АҚ-ға келтірген залалын немесе шығындарын өтеу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

11-тарау. Қорытынды ережелер

66. Ережені, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды Директорлар кеңесі бекітеді.

67. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының немесе Кодекстің өзгеруі нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары оған қайшы болса, Ереженің бұл нормалары күшін жояды және Ережеге тиісті өзгерістерді енгізген сәтке дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғы мен Кодексін басшылыққа алу қажет.

Басқарма төрайымы

Н. Наурызбаева

1-қосымшаға «БЖЗҚ» Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы (№4 хаттама) шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2017 жылғы «11» қазандағы №5
хаттамасымен бекітілген
«БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ережеге
1-қосымша

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасына

_____ туралы

**күн тәртібіндегі мәселе бойынша
түсіндірме жазба**
(күн тәртібіндегі мәселенің мазмұны)

Түсіндірме жазбада көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесі:
бұл мәселе бойынша шешімді қарау және қабылдау қажеттілігіне негіздеме;
шешімді қабылдаған жағдайда болжалды әлеуметтік-экономикалық және/немесе
құқықтық салдары;
шешімді іске асырумен байланысты болжалды қаржылық шығыстар;
нақты мақсаттар, күтілетін нәтижелердің мерзімдері және шешімді қабылдаудан болатын
болжалды тиімділік;
шешімдерді қабылдау (қабылдамаумен) байланысты тәуекелдерді талдау және олардың
«БЖЗҚ» АҚ-ның тұрақты дамуына ықпалы;
ішкі нормативтік құжаттарды қабылданған шешімге кейіннен сәйкестендіру қажеттілігі;
өзге мәліметтер.

Жетекшілік ететін басшы _____

Бөлімше басшысы _____

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2017 жылғы «11» қазандағы
№5 хаттамасымен бекітілген
«БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ережеге
2-қосымша

Шешім жобасы

№	Күн тәртібіндегі мәселе	Дауыс беруге ұсынылған шешім

Жетекшілік ететін басшы _____

Бөлімше басшысы _____

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2017 жылғы «11» қазандағы
№5 хаттамасымен бекітілген
«БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ережеге
3-қосымша

**«БЖЗҚ» АҚ
Басқарма отырысының
ХАТТАМАСЫ**

«___» _____ жыл № ___

Қатысты:

Басқарма төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

Басқарма мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

Шақырылғандар: (баяндамашыларды қоса алғанда, шақырылған
қызметкерлердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі).

Басқарма хатшысы: (тегі, аты, әкесінің аты).

Күн тәртібі:

1. _____ (күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі)¹.
2. _____ (күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).

Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе бойынша** (баяндамашының лауазымы және тегі,
аты, әкесінің аты көрсетіледі және баяндамашының күн тәртібіндегі мәселе бойынша
сөйлеген сөзі қысқаша баяндалады).

(Басқарма мүшесінің ерекше пікірі бар болса)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Басқарма мүшелері мынадай түрде дауыс
берді:

қолдағандар: (дауыс бергендердің тегі және аты мен әкесінің аты)

қарсы болғандар: (дауыс бергендердің тегі және аты мен әкесінің аты)

Басқарма мүшелерінің күн тәртібіндегі барлық баяндамаларын, пікірлерін тыңдап
және ұсынылған құжаттарды қарап (бұл мәселенің Басқарманың құзыретіне
жататындығын негізге ала отырып Жарғы ережелері көрсетіледі), Басқарма **шешті:**

1. Бірінші мәселе бойынша:
(шешімнің тұжырымдамасы беріледі).
2. Бұл шешім _____ бастап күшіне енеді.

Қосымшалар: (түсіндірме жазбалар, хаттамаға қоса берілген құжаттар)

¹ Әр мәселе азат жолдан жазылады, араб санымен нөмірленеді және оның атауы тақырып ретінде жазылады

Басқарма төрағасы _____ (тегі, аты мен әкесінің аты)

Басқарма мүшелері:

_____ (тегі, аты мен әкесінің аты)

_____ (тегі, аты мен әкесінің аты)

_____ (тегі, аты мен әкесінің аты)

Басқарма хатшысы _____ (тегі, аты мен әкесінің аты)

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2017 жылғы «11» қазандағы
№5 хаттамасымен бекітілген
«БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ережеге
4-қосымша

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының сырттай дауыс беру ХАТТАМАСЫ

№ _____

«_____» _____ ЖЫЛ

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының сырттай дауыс беруі «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы мен оның барлық мүшелерінің сырттай дауыс беру құжаттары мен бюллетендерін жіберу арқылы сұрау салу жолымен өткізілді.

Басқарма төрағасы мен оның мүшелерінен белгіленген мерзімде алынған сырттай дауыс беру бюллетендеріне сәйкес дауыс беруге **қатысты:**

Басқарма Төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

Басқарма мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. (күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі)².
2. (күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).

Белгіленген мерзімде алынған Басқарма Төрағасы мен оның мүшелерінің сырттай дауыс беру бюллетендері бойынша **күн тәртібіндегі мәселелер бойынша** дауыс берудің мынадай қорытындылары айқындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Басқарма Төрағасы мен оның мүшелері мынадай түрде дауыс берді:

_____:

(дауыс беруге қойылған мәселе):

қолдағандар: (дауыс бергендердің тегі және аты мен әкесінің аты)

қарсы болғандар: (дауыс бергендердің тегі және аты мен әкесінің аты). Сондай-ақ Басқарма мүшесінің ерекше пікірін көрсеткен дұрыс (мысалы: Иванов А.К. (ерекше пікір « _____ »).)

Дауыс берудің қорытындылары бойынша Басқарма шешті:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:
(шешімнің тұжырымдамасы беріледі).
2. Бұл шешім _____ бастап күшіне енеді.

Қосымшалар: (түсіндірме жазбалар, хаттамаға қоса берілген құжаттар)

² Әр мәселе азат жолдан жазылады, араб санымен нөмірленеді және оның атауы тақырып ретінде жазылады

Басқарма төрағасы _____ (тегі, аты мен әкесінің аты)

Басқарма мүшелері:

_____ (тегі, аты мен әкесінің аты)

_____ (тегі, аты мен әкесінің аты)

_____ (тегі, аты мен әкесінің аты)

Басқарма хатшысы _____ (тегі, аты мен әкесінің аты)

<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ереже</i>	<i>20-бет 21-ден</i>
--	--	--------------------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2017 жылғы «11» қазандағы
№5 хаттамасымен бекітілген
«БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ережеге
5-қосымша

**«БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасының/мүшесінің сырттай дауыс беру
БЮЛЛЕТЕНІ**
(тегі және аты мен әкесінің аты)

Дауыс беру қорытындысын шығару күні: «__» _____ 20__ жыл
Акционерлік қоғамның толық атауы: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамы
Сырттай дауыс беруді өткізу бастамашысы туралы мәлімет: _____
Дауыс беруді өткізу туралы ұсыныс түскен күн: «__» _____ 20__ жыл
Бюллетень тапсырудың соңғы күні: «__» _____ 20__ жыл

№	Күн тәртібіндегі мәселе	Дауыс беруге ұсынылған шешім	«ИӘ»	«ҚАРСЫ БОЛҒАНДАР»	Ерекше пікір (бар болса) ³
1	2	3	4*	5*	6

* Дауыс беру: 4 немесе 5 бағанға қол қою қажет

Осы шешім «__» _____ 20__ жылы күшіне енеді.

³ Қажет болса «ерекше пікір» жеке параққа қойылады және сырттай дауыс беру бюллетеніне бекітіледі. Бұл ретте бұл құжатқа Басқарма Төрағасы/мүшесі қол қоюы қажет.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ереже	21-бет 21-ден
---	-----------------------------------	------------------

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасы туралы ережені келісу парағы

Лауазым атауы	Аты-жөні	Қолы	Қол қою күні	Ескерту
Басқарушы директор	М. Утегулов			
Заң департаментінің директоры	Н. Бактыбаев			
Тәуекел менеджмент департаментінің директоры	Л. Әмірғалиева			

Заң департаментінің директоры

Бактыбаев Н.А.